

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
«ҰЛТТЫҚ ТЕСТІЛЕУ ОРТАЛЫҒЫ»

Электрондық форматтағы Ұлттық бірыңғай
тестілеуді ұйымдастыру және өткізу бойынша
(наурыз айындағы ҰБТ)

Нұр-Сұлтан, 2021

Ұлттық бірыңғай тестілеу



Тестілеу "бір тестіленуші – бір компьютер – бір камера" принципі бойынша компьютерлермен жабдықталған «U-FUTURE» ЖШС-да өткізіледі.



3 пункт - республикалық маңызы бар қалаларда;

3 пункт - облыстық орталықтарында;

4 пункт - моноқалаларда;

29 пункт - аудан орталықтарында.

ҰБТ өткізу мерзімі

ӨТІНІШТЕРДІ
ҚАБЫЛДАУ МЕРЗІМІ

ӨТКІЗУ
МЕРЗІМДЕРІ

МҮМКІНДІК
ТЕР САНЫ

Наурыз

2021 жылғы
5 наурыздан бастап

2021 жылғы 10 наурыз
– 10 сәуір

1 мүмкіндік

Сәуір-
маусым

2021 жылғы
26 наурыз – 10 маусым

2021 жылғы 11 сәуір
- 30 маусым


2 мүмкіндік*

* ҰБТ-дағы ең жоғары нәтижесімен білім беру гранттарын тағайындау конкурсына қатысуға мүмкіндік беріледі.


ҰЛТТЫҚ БІРЫҢҒАЙ ТЕСТІЛЕУ

Ақылы негізде оқуға қабылдану үшін ҰБТ (10 наурыз – 10 сәуір)

Орта білім беру ұйымдарының бітіруші
11 (12) сынып оқушылары



ҰБТ
ҚАТЫСУШЫЛАРЫ
(наурыз)



Орта білім беру ұйымдарының өткен жылғы
бітірушілері мен техникалық және кәсіптік
немесе орта білімнен кейінгі білім беру
ұйымдарының бітірушілері


Шетелде білім алған орта білім беру
ұйымдарының бітірушілері мен шетелде
білім алған, Қазақстан Республикасының
азаматы болып табылмайтын, ұлты қазақ
адамдар

ЖЖОКБҰ-ға күндізгі оқу бөліміне ақылы негізде
қабылдау үшін ҰБТ нәтижесі бойынша шекті балл
алмаған, ҰБТ нәтижелері жойылған, бейінді
пәндер комбинациясы сәйкес келмейтін ҰБТ
нәтижелері бар тұлғаларды күнтізбелік жылы
ақылы негізде одан әрі қабылдау үшін


ҰЛТТЫҚ БІРЫҢҒАЙ ТЕСТІЛЕУ

Білім беру грантын беру конкурсына қатысу үшін, сондай-ақ ЖОО-ға ақылы негізде оқуға қабылдану үшін ҰБТ (11 сәуір – 30 маусым)

Орта білім беру ұйымдарының ағымдағы жылғы бітірушілері




Орта білім беру ұйымдарының өткен жылғы бітірушілері мен техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының бітірушілері



Шетелде білім алған орта білім беру ұйымдарының бітірушілері мен шетелде білім алған, Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын, ұлты қазақ адамдар

ЖЖОКБҰ-ға күндізгі оқу бөліміне ақылы негізде қабылдау үшін ҰБТ нәтижесі бойынша шекті балл алмаған, ҰБТ нәтижелері жойылған, бейінді пәндер комбинациясы сәйкес келмейтін ҰБТ нәтижелері бар тұлғаларды күнтізбелік жылы ақылы негізде одан әрі қабылдау үшін



Жоғары білімнің қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түсетін техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының бітірушілері

«U-Future» қызметкерлерімен бірлесіп тестілеуге дайындықты тексеру

Карантиндік шаралар кезінде санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды сақтау үшін әрбір пункт қамтамасыз етілуі тиіс:

- тестілеу технологиясының сақталуы үшін техникалық жабдықтардың дайындығы (ұялы байланыс сигналдарын өшіретін құрылғылар, металлиздегіштер және бейнебақылау құралдары);
- тестілеу залдарында тестілеу арасындағы үзілістерде (лектер арасында) ылғалды жинау;
- желдету жүйесі;
- әрбір тестілеу залында тестілеу процесін бейнебақылауға арналған оператордың жұмыс орны;
- тестіленушінің жұмыс орны санитарлық-эпидемиологиялық ережелерге сәйкес орналастырылуы тиіс. Карантиндік шаралар кезінде жұмыс орындары арасындағы қашықтық кемінде 1 м сақтау мүмкіндігі болуы тиіс.
- тестілеу залдарында су диспенсерінің болуы;
- әлеуметтік қашықтықты сақтауға арналған баррикадалық ленталар;
- кіре берісте тестіленушілердің дене қызуын бақылауға арналған қондырғылар (аспаптар);
- дезинфекциялық тоннель және кілемшелер;
- кіреберісте, холлдарда, лифтілерге кіреберісте, санитарлық тораптарда тері антисептиктеріне арналған санитайзерлер;
- бактерицидті шамдар немесе рецеркуляторлар (әрбір залда);
- пайдаланылған медициналық маскаларға арналған урналар;
- бейне жазбаларды бейнебақылау камераларынан сапасын жоғалтпай сақтау;
- дәліздерде аудиторияларға көрсеткіштердің ілінуі;
- тестілеуге кіргізу кезінде түсушілерден алынған тыйым салынған заттардың сақталуын қамтамасыз ету.

Тестілеу администраторлары тобының жетекшісінің міндеттері

Филиалдар тестілеу өткізу пунктін қамтамасыз етеді:

- акт, нысандарды басып шығару үшін принтер мен картридж;
- А4 форматындағы парақтар (әрбір тестіленушіге пайдалану үшін А4 форматындағы үш парақ беріледі);
- Фотосуреттер бар бейджиктер (ҰТО филиалдарында рәсімделеді);
- Нормативті-құқықтық актілер;
- «Денсаулық күйінің қанағаттанарлығын растау, ҰБТ өткізу қағидаларымен танысу және тыйым салынған заттарды алып өткені үшін жауапкершілік алу туралы» танысу актісі бойынша тестіленушілердің қолдарын жинау үшін актілерді басып шығару және тестілеу администраторларына үлестіру;
- Медициналық маскалар, бір реттік пайдаланатын стакандар, бөтелкедегі су және антисептикпен қамтамасыз ету.

Өткізеді:

- аудитория мен дәліз бойынша кезекші қызметін атқаратын тестілеу администраторларына нұсқаулық өткізу және олардың функционалдық міндеттерін түсіндіру;
- тестілеу барысында пайдаланылған медициналық маскалардың ауыстырылуын бақылау.

ҚР БҒМ БҒССҚК және ҚР БҒМ БҒССҚК БССҚД мен «Адалдық алаңы» жобалық кеңсесі өкілдері мен арнайы мониторингтік топ мүшелері қатарынан құрылған бақылаушылар



ҰБТ өткізу қағидаларының сақталуын бақылауды жүзеге асыру үшін ҰБТӨП-ке ҚР БҒМ БҒССҚК және ҚР БҒМ БҒССҚК БССҚД қызметкерлері қатарынан **бақылаушылар** жіберіледі



Бақылаушыларға қажет болған жағдайда аудиторияға кіруге және аудиторияда болуға құқықтары бар. Тестіленушілер қағидаларды бұзған, тыйым салынған заттарды пайдаланған жағдайда (телефон, шпаргалка және т.б.) тестілеу администраторымен бірлесіп акт жасап, тестіленушіні аудиториядан шығарады. Бұл ретте аудитория ішінде артық жүріс рұқсат етілмейді.



«Адалдық алаңы» жобалық кеңсесі өкілдері мен арнайы мониторингтік топ мүшелері қатарынан **бақылаушылар**



Тестілеудің барлық кезеңдерінде тестілеудің барлық қатысушыларына өте сыпайы болуы қажет. Тестіленушілердің алдында ұрыстың, дау-дамайдың және т.б. болуы рұқсат етілмейді. Барлық даулы мәселелер ҰТО-мен келісіліп шешілуі қажет. Тестілеуге дейін және тестілеу барысында аудиторияларды, дәліздерді, әжетханаларды тыйым салынған заттарға тексеруге құқықтары бар.

Ғимаратқа кіргізу тәртібі

ҰБТ-ны өткізу кезінде түсушілер ғимаратқа бір-бірден кіргізіледі, бұл ретте түсушілердің жеке басы адам бетінің көлемдік-кеңістіктік формасының сканерленуі арқылы сәйкестендіріледі немесе тестіленушінің сыртқы келбетін жеке куәлікпен салыстыру арқылы жүзеге асырылады. *Жеке куәлігі жоқ адамдарда білім беру ұйымынан бірінші басшының қолымен және мөрімен расталған анықтама және туу туралы куәлік болуы тиіс. Шетелде білім беру ұйымдарын бітірген және Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын адамдардың паспорты болуы тиіс.*

ҰБТӨП ғимаратының кіреберісінде түсушіге «Денсаулық күйінің қанағаттанарлығын растау, ҰБТ өткізу қағидаларымен танысу және тыйым салынған заттарды алып өткені үшін жауапкершілік туралы» танысу актісі ұсынылады.

Тестілеуге кіргізу кезінде қол және рамалық металл іздегіштер пайдаланылады. Тестілеуге кіргізу кезінде металл іздегіштерді қолдану тестілеу өткізу барысында түсушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сондай-ақ олардың ғимаратқа төмендегі тыйым салынған заттарды алып кіруіне жол бермеу үшін қолданылады.

Танысу актісі



«Денсаулық күйінің қанағаттанарлығын растау, ҰБТ өткізу қағидаларымен танысу және тыйым салынған заттарды алып өткені үшін жауапкершілік алу туралы» танысу актісі

ҰБТӨП атауы _____

Күні _____

1. ҰБТ тапсыратын күні денсаулығымның жалпы күйі қанағаттанарлық.
2. ҰБТ өткізу қағидаларымен таныстым!
3. Алдын-ала ескерттім:
 - тестілеуге тыйым салынған заттардың біреуін ғимаратқа кіргізуге әрекет жасаған жағдайда акт жасалып, ғимараттан шығарыламын;
 - аудиторияда тыйым салынған заттар қолданғаным анықталған жағдайда акт жасалып, аудиториядан шығарыламын;
 - ҰБТ-дан кейін, тестілеудің бейнебақылау жазбаларын талдау барысында тыйым салынған заттардың біреуін пайдаланғаным анықталған жағдайда, тестілеу (ҰБТ балдары) және конкурс нәтижелері жойылады.

Аудиторияға кіргізу тәртібі

Тестілеу администраторы:

- тестіленушілерді аудиторияға (компьютерлік сыныпқа) бір-бірден кіргізеді;
- тестілеу басталғанға дейін тестілеу кезінде тестіленушілерге тәртіп сақтау ережелері бойынша нұсқаулық және апелляцияға өтініш беру қағидаларымен таныстырады;
- тестілеу кезінде пайдаланылған медициналық маскаларды ауыстырады;
- тестілеуге дейін және тестілеу барысында дене қызуы жоғары (37°C және одан жоғары) тестіленушілерді анықтайды, тестілеу администраторлары тобының жетекшісіне хабарлайды;
- тестілеу кезінде техниканың техникалық ақауы болған жағдайда тестілеу администраторлары тобының жетекшісіне және бақылаушыларға хабарлап, бірлесіп акт жасайды;
- тестілеу барысында тыйым салынған заттың тәркіленуі және тәртіп сақтау ережесін бұзған түсушіні аудиториядан шығару туралы тестілеу администраторлары тобының жетекшісіне және бақылаушыларға хабарлап, бірлесіп акт жасайды;
- тестілеу барысында нәтижелері жойылған тестіленушілердің актілерін сканерлеп, Орталыққа жіберу үшін жинақтайды.

ҰБТ ұзақтығы



**АПЕЛЛЯЦИЈАНЫ ЕСЕПКЕ
АЛҒАНДА ҰБТ-НЫҢ
ЖАЛПЫ ҰЗАҚТЫҒЫ**

270 минут

ҰБТ ұзақтығы

- Тестілеу уақыты – **240 минут**.
- *Тестілеудің 60 минуты өткеннен кейін көзге арналған жаттығуларға және дене жаттығуларына арналған 2 минут көлемінде үзіліс беріледі.*
- *Тестілеудің 120 минуты өткеннен кейін 15 минут көлемінде үзіліс беріледі;*
- *Тестілеудің 180 минуты өткеннен кейін көзге арналған жаттығуларға және дене жаттығуларына арналған 3 минут көлемінде үзіліс беріледі.*
- Шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламалары топтарының түсушілеріне – **65 минут**.
- Шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламалары тобы бойынша білім алушы және басқа білім беру бағдарламалары тобына ауысуға ниет білдірген тұлғаларға – **130 минут**.
- Қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түсушілер үшін – **120 минут (2 сағат)**.
- Шығармашылық дайындықты талап ететін, қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін білім беру бағдарламаларының ұқсас бағыттарына оқуға түсушілер үшін – **80 минут**.

Тест тапсырмалары саны

15

ТЕСТ
ТАПСЫРМАСЫ

- ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ
- МАТЕМАТИКАЛЫҚ
САУАТТЫЛЫҚ

20

ТЕСТ
ТАПСЫРМАСЫ

- ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫ

35

ТЕСТ
ТАПСЫРМАСЫ

- 1-БЕЙІНДІК ПӘН
- 2-БЕЙІНДІК ПӘН

БАРЛЫҚ
ТЕСТ
ТАПСЫРМАЛАРЫ
САНЫ

120

БАЛДАРЫ

140

ҰБТ-ны өткізу барысында тыйым салынған заттар



АҚПАРАТТАРДЫ ТАСЫМАЛДАУ ФУНКЦИЯСЫМЕН ЖАБДЫҚТАЛҒАН КЕЗ КЕЛГЕН ҰЯЛЫ БАЙЛАНЫС ҚҰРАЛДАРЫН (ПЕЙДЖЕР, ҰЯЛЫ ТЕЛЕФОНДАР, ПЛАНШЕТТЕР)



РАДИО-ЭЛЕКТРОНДЫҚ БАЙЛАНЫСТЫҢ БАРЛЫҚ ТҮРЛЕРІ, ОНЫҢ ІШІНДЕ (WI-FI (ВАЙ-ФАЙ), BLUETOOTH (БЛЮТУЗ), DECT (ДЕКТ), 3G (3 ДЖИ), 4G (4 ДЖИ), 5G (5 ДЖИ))



НОУТБУКТЕР, ПЛЕЙЕРЛЕР, МОДЕМДЕР (МОБИЛЬДІ РОУТЕРЛЕР)



СМАРТ САҒАТТАР, СЫМДЫ ЖӘНЕ СЫМСЫЗ ҚҰЛАҚҚАПТАР



ШПАРГАЛКАЛАР, ОҚУЛЫҚТАР ЖӘНЕ ӘДІСТЕМЕЛІК ҚҰРАЛДАР



КАЛЬКУЛЯТОРЛАР

Тестілеу өткізілетін компьютердің интерфейсындағы калькуляторларды, Менделеев кестесін және тұлғалардың ерігіштігі кестесін пайдалануға рұқсат етіледі

Тестілеуден шығару актілері

- Тестілеуге кіргізу барысында бөгде адам анықталған жағдайда тестілеуге жіберу барысында бөгде тұлғаны анықтау актісін жасайды, түсуші осы тестілеуге кіргізілмейді.
- Металліздегіш құралын қолдану кезінде тыйым салынған заты табылған жағдайда «ҰБТ өткізу пункттерінің ғимаратына кіреберісте, металліздегіш құралды қолдану кезінде тестілеуге тыйым салынған заты табылған түсушіні ғимараттан шығару туралы» Акт жасалады.
- Тестілеу кезінде тыйым салынған зат қолдану немесе тәртіп сақтау ережесін бұзу фактісі анықталған жағдайда «Аудиторияда тыйым салынған заттың тәркіленуі және тәртіп сақтау ережесін бұзған түсушіні аудиториядан шығару туралы» Акт жасалады.

АПЕЛЛЯЦИЯ

ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫНЫҢ МАЗМҰНЫ БОЙЫНША

- ❖ Тест тапсырмаларының мазмұны бойынша апелляция дұрыс жауап дұрыс жауаптар кодымен сәйкес келмеген, дұрыс жауап болмаған, бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмаларында бірден көп дұрыс жауап болған, тест тапсырмасы дұрыс құрылмаған жағдайларда қарастырылады.
- ❖ Апелляцияға тест тапсырмаларының мазмұны бойынша өтініш тестілеу аяқталғаннан кейін 30 минут аралығында беріледі.

ТЕХНИКАЛЫҚ СЕБЕП БОЙЫНША

- ❖ Техникалық себептер бойынша апелляцияға өтінішті түсуші тестілеу кезінде береді.
- ❖ Түсуші тест тапсырмасының шартында дұрыс жауапты анықтауға қажетті фрагменттің (мәтін, сызбалар, суреттер, кестелер) жоқтығын анықтаған жағдайда экрандағы «техникалық апелляция» қосымшасына белгі қояды.
- ❖ Техникалық себептерге байланысты өтініш берген кезде бағдарлама қатені анықтайды (скриншот жасайды).

Бағдарламаның тоқтап қалуымен немесе істен шығуымен байланысты жағдай туындаған кезде міндетті түрде тиісті акт жасалынады.